

**Құмарсерік Шерияздан**

**Павлодар облысы, Павлодар қаласы**

**Кенжекөл жалпы орта білім беру мектебі**

**«Өлең-сөздің патшасы» оқушының «Ана» туралы жеке  
шығармасы**

**Абильдина Баян Кабдуалиевна**

### АНА

Ана! Қандай жылы, қандай құдіретті сөз! Ананың тілі, ананың махаббаты, ананың тілегі-тіл жетпес бір жатқан теңіз емес пе! Па, шіркін, ананың тілегі-тіл жетпес бір жатқан теңіз емес пе! Әркімнің өз анасына деген махаббаты шексіз. Мен де анамның маған сыйлаған мәнді өмірі үшін алғысымды айта отырып, өз ойымды аз да болса жеткізім келеді.

Ана — әрбір адам баласы үшін ең ыстық, жанға жақын, мағыналы да қастерлі сөз. Адамзат баласы алғаш дүние есігін ашқанда ананың ақ сүтімен бойына нәр алады, ана құшағына еніп, ана мейіріміне бөленеді. Міржақып Дулатов ағамыз айтқандай, бізді сүйетұғын, күйетұғын, әрқашан қамымызды ойлап жүретұғын абзал жанды адам, бұл — ана. Алдына қойған мақсатыңа жетуің үшін ана жанын қиюға да дайын. Ана баласының үлгілі азамат боп өсуі үшін бар күшін салып, тер төгеді. Ананың махаббатына, құдіретіне тамсанған талай ақын әнін арнап, жырын жазып, талай жазушы қалам тербеген. «Анаңды меккеге үш арқалап барсаң да, қарызын өтей алмайсың» деген дана қазақ халқы. Шынында да, осыншама қиналып, көз жасын төге жүріп, бізді өсірген анаңа қолыңнан келгеніңнің бәрін істесең де, оның бәрі анаңның түн ұйқысын төрт бөлген бір күніндей ғана. Өз парызыңды өтеу, бұл — ана алдындағы парызыңды өтеу. Қаншама байлық иесі болсаң да, әлемге әйгілі адам болсаң да, анаңды, оның саған жасаған жақсылығын ұмытпау — сенің өмір бойыңдағы борышың. Бірақ соның бәрі анаңның бір ауыз жылы сөзіне де жетпейді. Дүниенің нұры, өмірдің гүлі, қызықтың қызығы — ананың қолында. Ана бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді. Анашым мен саған мәңгілік борыштармын. Ренжітсем кешірім өтінемін. Осы жарық дүние есігін ашып берген АНАШЫМ саған мың алғыс! Осы өлең жолдарын сізге арнаймын

Мәпелеген анашым,

Мен үшін сен данасың.

Ешкімнің қолы жетпейтін,

Менің қымбат бағамсың.

Қорыта айтқанда, барлық адам ана алдындағы парызын өтеп, ақ сүтін ақтап, ананың шашына ақ түсірмей, тек осы киелі жандардың бақытты болуын ойлау керек. Себебі ең бақытты адам — анасы бар адам. Жер бетіне жақсылық нұрын себетін аналарымыз аман болсын!

**Қисым Ділназ**

**12жас**

**Павлодар облысы, Павлодар қаласы**

**Кенжекөл жалпы орта білім беру мектебі**

**«Өлең-сөздің патшасы» оқушының «Отбасы –Отанымыздың ошағы»  
туралы жеке шығармасы**

**Абильдина Баян Кабдуалиевна**

## Отбасы –Отанымыздың ошағы

Адамның жеке басының қалыптасуы отбасынан басталады.Отбасы-сыйластық,жарастық орнаған орта.Отбасы –бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы.Әр адамның жанында оны қолдайтын, көмек беретін адамы,жанашыры болу керек.Көмек қолын созатын, қиын сәтте тастамайтын адал адам болу керек .Ауырған кезде тезірек жазылып кеткенінді тілейтін, алысқа кетсең сағынатын досың, былай айтқанда періштең. Тек саған ғана қамқор болатын емес, сен де қамқор болып жүретін адамын. Менің осындай досым – ол менің отбасым. Отбасының мүшелері ол – ата-ана,іні-бауырларын.Олар сенің бақытты болғаныңды қалайды,сен де оларға жамандықты тілемейсің.Баланың періштесі – ата-ана, ананың періштесі – бала.Әке-шешеге баладан артық жан жоқ.Досың сатып кетсе,тиіссе немесе балағаттаған болса көмекті біз әрқашан ата-анадан табамыз.Біздің үйде төрт адам:әкем,анам,ағам және мен.Ағам екеуіміз Кенжекөл мектебінде оқимыз.Біздің үйіміз бақыт, мейірім, жақсылыққа толы.

Ана – өмір берген, ақ сүтімен мәпелеп өсірген жан,ең қымбат адам.Ананың ақ, судай мөлдір сүтін еш нәрсе ақтай алмайды.АНА – АСЫЛ ҚАЗЫНА.

Ана – асыл қазына,

Еркелеткен, жұбатқан.

Ана – қымбат қашанда,

Анадан артық жан бар ма?

Жүрегіннің тереңде

Жатқандай бір маржандай.

Армансыз адам бола ма?

Анасы бар адамнан.

Әке – анадан еш қалмайтын, бізді дәл солай сүйетін жанашырымыз.Әке – сенің алтының.Сенің әр еркелігінді көтеретін адам.ӘКЕ – ПАТША.

Әке – сенің қорғаның,

Әке – сенің патшаң.

Қатал болса да кейде,

Асқар таудай – арман.

Керексін әр адамға әрқашан,

Үлгі боларсын сен оған.

Ақыл берген,үйреткен,

Артық жан жоқ қой – әкеден.

Аға – сенің тірегің. Кейде ол саған ұрысса да, ренжімейсің. Біреу тиіссе төбелесуге даяр. АҒА – ТІРЕК.

Қамқор аға, әкедей

Мандайымнан сипаған.

Қамқор аға, анадай

Қамқор болар әрқашан.

Аға сенің – тірегің,

Аға сенің – жүрегің.

Ана менен әкедей

Ол да сенің – серігің.

Осы адамдардың барлығы менің – ОТБАСЫМ. Өзіміздің кішкентай-ОТАНЫМЫЗ. Әр үйде шаттық, береке-мереке болса, еліміз де бақытқа бөленер. Үйімізден бейбітшілік пен көңіл-күй, елімізден тәуелсіздігіміз бен бостандығымыз кетпесін.